

**«Астрахан ауылының №1 мектеп-гимназиясы» КММ-нің
бастауыш сыныптар онкүндігінің қорытынды есебі**

Бастауыш сынып онкүндігі 2025-2026 оқу жылында **13.10-24.10.2025** аралығында болып өтті. Декада басталмас бұрын онкүндіктің жоспары құрылып, әдістеме бірлестігінің отырысында талқыланды және бекітілді.

Тақырыбы: «Жаңартылған білім беру: тиімді әдістер, нәтижелі мүмкіндіктер, табысты тәжірибелер»

Онкүндіктің мақсаты:Бастауыш сынып оқушыларының танымдылық белсенділігі мен шығармашылығын дамытуға ықпал жасау.Пән бойынша оқушылардың қызығушылығын арттыру арқылы белсенділік пен жан-жақты көз қарасын қалыптастыру.

Онкүндіктің міндеттері:

Әр оқушының жеке қабілеттеріне, мәдени және білім беру қажеттіліктеріне байланысты білім алуына қолайлы жағдайлар жасау;

- Оқушылардың оқу іс-әрекетіне, болмысы және өзін тануға деген қызығушылығын , функционалды сауаттылығын арттыру;

- Оқушылардың шығармашылық әлеуетін, ұйымдастырушылық қабілетін ашуға көмектесу;

-Оқушылардың білімге деген қажеттілікті саналы түрде түсінуіне жол ашу;

- Әр баланың қабілетін тани отырып, одан әрі дамуына жағдай туғызу;

Бастауыш сынып мұғалімдерінің шығармашылығын шындау және озат тәжірибені тарату.

Онкүндік мынадай жоспарда құрылды:

2025-2026 оқу жылының 13-24 қазан аралығында өтетін бастауыш сыныптар онкүндігіндегі ұйымдастырылған сыныптан тыс іс-шаралар жоспары

Күні	Іс-шара атауы	Түрі	Өту уақыты	Жауапты мұғалім	Қатысатын сынып
13.10	Апталықтың ашылуы «Ұлттық ойындар» айдарымен оқушыларды қарсы алу	Салтанатты жиын	14.10.2025ж Таңғы 8.00 Сағат 12.30	Барлық сынып жетекшілер Казанбаева А.А	0-4сынып
14.10	Қазақ тілі күні Сауаттылық сағаты	2-сыныптар диктант 3-4 сыныптар шығарма	Сағат 13.00	Отениязова А.А Казанбаева А.А	2 сыныптар 3-4 сынып
15.10	«Көңілді смайликтер» оқушыларды таңғы қарсы алу. Математика күні «Математикалық турнир» сайысы	Логикалық есептер сайысы	Сағат 8.00 Сағат 13.30 Сағат 13.00	Іауысым Серикпаева Б.Н ІІ ауысым Касымова Д.К Утеева З.Ж	1-4сынып 1-4сынып

16.10	«Қызықты тренинг»таңғы қарсы алу «Біз болашақты ашық түстермен қарсы аламыз» Фотоколлаж жасау «Мектеп,мен,отбасым»	Суреттер көрмесі (1-2 сыныптар) Фотоколлаж жасау (3-4 сыныптар)	Сағат 8.00 Сағат 13.30	Іауысым Отениязова А.А Пауысым Утеева З.Ж Олжабек Пернегүл Сынып жетекшілер	1-4сынып 1-4сынып 1-2сынып
17.10	«Дені сау ұрпақ -ел болашағы»	Көңілді старт		Амангельдин Е.Б Абдибек Н.Т	1-2 3-4
20.10	«Көтеріңкі көңіл-күй» таңғы би (көңілді би жаттығулары) Жаратылыстану күні «Мен зерттеушімін»	Ғылыми жобалар байқауы	Сағат 8.00 Сағат 13.30 Сағат 12.00	І ауысым Камитова А.Ж. ІІ ауысым Имантаева А.К Каметова А.Ж	1-4 2-4
21.10	Дүниетану күні «Менің Қазақстаным»	Танымдық сабақ	Сағат 13.00	Серікпаева Б.Н	1-4
22.10	Әдебиеттік оқу күні Республика күніне орай«Жаса,жайна,туған жерім!»	Мәнерлеп оқу сайысы	Сағат 12.30	Касымова Д.К	1-4
23.10	«Қызықты ойындар» Таңғы қарсы алу Апталықтың жабылуына орай Ертегі әлеміне саяхат	Сахналық қойылым	Сағат 8.00 Сағат 13.30 Сағат 13.00	І-ІІ ауысым Олжабек Пернегүл Олжабек Сайран Имантаева А.Қ	1-4 сынып 0-4 сынып
24.10	Апталықты қорытыдылау. Сайыс нәтижелерін шығару, ең белсенділерді марапаттау	Лездеме	Сағат 13.00	Казанбаева А.А	

2025-2026 оқу жылының 13-24 қазан аралығында өтетін бастауыш сыныптар онкүндігіндегі өткізілетін ашық сабақтар жоспары



№	Пән, Сабақтың атауы	Өту мерзімі	сынып	Жауапты мұғалім
1	Математика Сабақтың тақырыбы: «Ұзын,қысқа,кең,тар»	1- ауысым 16.10.2025 жыл 2-сабақ Сағат 09.10	1 «А»	Серикбаева Б.Н
2	Әліппе Сабақтың тақырыбы: «Ш дыбысы мен әрпі»	1- ауысым 21.10.2025 жыл 2-сабақ Сағат 09.10	1 «Ә»	Каметова А.Ж
3	Дүниетану Сабақтың тақырыбы: «Отан үшін аянба!»	2- ауысым 20.10.2025 жыл 2-сабақ сағ 14.50	2 «А»	Утеева З.Ж
4	Әдебиеттік оқу Сабақтың тақырыбы: «Достық туралы ертегі.Жолбарыс пен	1- ауысым 21.10.2025 жыл 1-сабақ	2 «Ә»	Отениязова А.А

	тышқанның достығы»	Сағат 08.30		
5	Жаратылыстану Сабақтың тақырыбы: «Жануарлар қайда тіршілік етеді?»	2- ауысым 15.10.2025 жыл 2-сабақ Сағат 14.50	3 «А»	Казанбаева А.А
6	Әдебиеттік оқу Сабақтың тақырыбы: «Абайдың кара сөздері»	2- ауысым 17.10.2025 жыл 2-сабақ Сағат 14.50	3 «Ә»	Касымова Д.К
7	Математика Сабақтың тақырыбы: «Тікбұрышты параллелепипедтің көлемін табу»	1- ауысым 17.10.2025 жыл 2-сабақ Сағат 09.20	4 «А»	Олжабек Сайран
8	Әдебиеттік оқу . Сабақтың тақырыбы: «Уақыт-біздің құндылығымыз»	17.10.2025 жыл 1-сабақ Сағат 14.00	4 «Ә»	Имантаева А.К

Апталықтың бірінші 08.04.25ж күні таңғы 8:00де оқушыларды апталықтың басталуына орай бастауыш сынып мұғалімдері «**Логикалық ойындар**» аядарымен оқушыларды қарсы алды. Оқушылар білген логикалық және ұлттық асық ойындарды ойнап тәттілер таратылды. Ұстаздар мақал айта отырып,апталықтың басталуымен құттықтады.



Апталықтың бірінші күні сағат 12:00де апталықтың **ашылу салтанатына** орай 1-4сынып оқушылары үшін «**Бастауыш- білім бастауы**» атты салтанатты жиын болды. 2025-2026 оқу жылының 13-24 қазан аралығында бастауыш сыныптың онкүндігі өткізілді. Бүгін сол онкүндіктің салтанатты ашылу жиыны өтіп, мектеп директоры Г.Шонгалова балдырғандарды құттықтады. Онкүндіктің қызықты да тартымды өтуіне сәттілік тіледі. Оқушылар мектеп пен ұстаз туралы мәнерлеп өлең оқып, мың бұралып билеп, әсерлі әндер шырқады. Онкүндіктің мақсаты: Жаңа технология элементтерін қолдана отырып, оқушылардың бастауыш пәндеріне деген қызығушылықтарын, цифрлық сауаттылықтарын арттыру, білімдерін тереңдету, пән мұғалімдерінің шығармашылықтарын шынғау және озық тәжірибелерді тарату болып табылады. https://www.instagram.com/p/DPwoyW5iGbL/?img_index=1&igsh=MXUydTlqNXBINTg5ZA==



https://www.instagram.com/p/DP0CWbaiGxo/?img_index=1&igsh=Z2ZjenJzdHJla2Fq

2025-2026 оқу жылының 14 қазан күні бастауыш сыныптар апталығының онкүндік жоспарына сай Қазақ тілі күні өтті. Сауаттылық сағаты аясында 2 сыныптардан диктант алынды.

Мақсаты: Диктант жаздыра отырып оқушы білімін тексеру. Сауатты, көркем жазуға, бас әріппен кіші әріптің биіктігі мен мөлшерін сақтап, оларды байланыстырып көлбеу және таза жазуға баулу. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Білім алушыларға диктантты жазу ережесі, дескрипторы, бағалау критерийлері түсіндіріліп, сергіту сәті жасалды. Диктант қорытындысы бойынша 2 "Ә" сынып оқушылары:

1 орын: Итемген Бақдаулет

2 орын: Бахтияр Нұрай

2 "А" сынып оқушысы 3 орын: Серік Ақжарқын жеңіп алды.

Жауапты: Отениязова Аксана Алдабаевна

14.10 күні Қазақ тілі күні «Сауаттылық сағаты» тақырыбында 2 сынып оқушылары диктант жазса, 3-4 сынып оқушылары «Күз мезгілі» атты шығарма жазды. Тақырып жан-жақты талданып, жоспары құрылды. Жоспар бойынша оқушылар ойларын ортаға салды. Сөйтіп алған мәліметтерін сұрыптап, шығарма жазды. Іс-шараның мақсаты: Оқушының сөз саптауын және логикалық ойлауын дамыту, шығармашылық қиялын жетілдіру, сауатты жазуға дағдыландыру.

Сайыс нәтижесі анықталды: 3 сыныптар бойынша

I орын -3"А"сынып оқушысы Есетова Кәусар мен 3"Ә"сынып Асылхан Аймира

II орын -3"Ә" сынып оқушысы Мейрам Балнұр

III орын-3"А"сынып оқушысы Итемген Әминә

4сыныптар бойынша

I орын -4"А"сынып оқушысы Қазыбек Әдия мен 4"Ә" сынып оқушысы Қадырберді Раяна

II орын- 4"Ә"сынып оқушысы Муканова Дидар

III орын -4"А" сынып оқушысы Әбдіхалық Әсия жеңіп алды.

Жауапты мұғалім Казанбаева А.А

<https://www.instagram.com/p/DP3Iq8XCFAN/?igsh=dGgya3NqOXdqWg=>



15.10 -математика күні. жоспарға сай "Математикалық турнир" өткізілді. Мақсаты : Оқушылардың математикалық білім қабілеттерін тексеру. Логикалық ойлау қабілеттерін дамыту.

Турнир нәтижесі бойынша 1ші және 2 сынып арасында

1 орын- 1"А" сынып оқушысы Садыбек Әлинұр

2"А" сынып оқушысы Наврузалиев Нурислам

2 орын -2"Ә" сынып оқушысы Аскарова Айым және 1"Ә" Ибраева Мира

3 орын- 1"А" сынып оқушысы Ордабай Мерей және 2"А" сынып оқушысы Асау Дидар

3 және 4 сыныптар бойынша

1 орын -3"А" сынып оқушысы Дауылбай Дәрия 4"Ә" сынып оқушысы Азамат Аяжан
 2 орын- 3"Ә" сынып оқушысы Жанболат Батырхан
 4"А" сынып оқушысы Қайролла Лашын 3 орын -3"А" сынып оқушысы Серікбай Дамира 4"Ә"
 сынып оқушысы Наврузалиева Еркеназ жеңіп алды.
 Жауапты : Утеева З.Ж



16.10 күні 1-2 сыныптар арасында «Біз болашақты ашық түстермен қарсы аламыз» атты сурет көрмесі ұйымдастырылып, 3-4 сыныптар «Мектеп,мен,отбасым» тақырыбында фотоколлаж жасады.Мақсаты:Оқушылардың шығармашылық қабілетін, эстетикалық талғамын дамыту ,өмірге,табиғатқа деген қызығушылығын арттыру. “Біз болашақты ашық түстермен қарсы аламыз!”тақырыбында 25қазан-Республика күніне орай мектебіміздің 1-2 сынып оқушылары Отанға деген сүйіспеншілігін сурет арқылы жеткізді.Олар өз армандарындағы жарқын болашақты, бейбіт ел мен тату қоғамды ашық,қанық бояулармен бейнеледі.Әр сурет -жүректен шыққан шынайы тілектің көрінісі.

Туған елін мақтан тұтатын жас ұрпақпен болашақ жарқын!

Жауапты: Олжабек.П

https://www.instagram.com/p/DQLJN-jjzMg/?img_index=9&igsh=ODJ1aGMwNGV0ZGt4



<https://www.instagram.com/p/DQEmcsUCDO0/?igsh=em03cDU5ZDliZjRp>

20.10 -жаратылыстану күні Бастауыш сыныптарының он күндігі аясында, Жаратылыстану күні. 2-4 сынып оқушыларының жоба қорғау іс шарасы өткізілді. Мақсаты: Оқушылардың жаратылыстану пәніне деген қызығушылығын арттыру, зерттеу дағдыларын дамыту және өз ойларын еркін жеткізе білуге баулу.

Іс-шара барысында 2–4 сынып оқушылары өздерінің шағын зерттеу жобаларын қорғап, табиғат құбылыстары мен тәжірибелер туралы қызықты мәліметтер ұсынды. Оқушылардың ізденісі мен шығармашылық қабілеттері жоғары деңгейде көрінді.

1 орын-Қалилұлла Ернұр 4 Ә

1 орын - Қанатбек Қайсар 3 Ә

2 орын - Қалилұлла Абылай 3 А

2 орын - Асылхан Аяулым 2 Ә

3 орын - Арсикеев Амир 2 А

3 орын - Құдайберген Айару 4 Ә

21.10 -дүниетану күні Танымдық сайыс: “Табиғат әлемі”

Дүниетану күні Қатысушылар: 1–4 сынып оқушылары

Мақсаты:

- Табиғат туралы білімдерін тереңдету;
- Табиғатқа сүйіспеншілік пен қамқорлық сезімін қалыптастыру;
- Оқушылардың ойлау, байқағыштық және шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Сайыс барысында оқушылар жануарлар, өсімдіктер мен табиғи құбылыстар туралы сұрақтарға жауап беріп, қызықты тапсырмалар орындады.

Шара балалардың белсенділігі мен білімге деген ынтасын арттырды.

Танымдық ойын түрінде өткен бұл іс-шара көңілді әрі мазмұнды болды.

Жауапты Серікбаева Б.Н



<https://www.instagram.com/reel/DQGO-FfCEBa/?igsh=eWZzamppdnJ6OGY4>

22.10- әдебиеттік оқу күні



2-4 сыныптар арасында Республика күніне орай ұйымдастырылған “Жаса, жайна, туған жерім!” атты тақырыпта мәнерлеп оқу сайысы өтті. Іс-шараның мақсаты : оқушылардың әдеби мәтінді мәнерлеп, дұрыс, ширақ және түсінікті оқи білу қабілеттерін дамыту; көркем сөз арқылы туған тілге, әдебиетке деген сүйіспеншілікті қалыптастыру; сахна мәдениетін, өзін-өзі ұстау, сөйлеу мәдениетін жетілдіру; оқушыларды Отанын құрметтей білуге, шығармашылыққа баулу.

Жауапты Касымова Д.К

<https://www.instagram.com/p/DQLRB4tD0Tb/?igsh=cGFxcmJudmk5dTFo>

24.10- ертегі әлеміне саяхат



Бастауыш сынып апталығының жарқын жабылуы!

Бастауыш сынып апталығының 10 күндігі аясында ұйымдастырылған жабылу салтанатында

4 «А», «Ә» сынып оқушылары «Мақта қыз бен мысық» ертегісін сахналап, көрерменнің ыстық

ықыласына бөленді. Балалар ертегі кейіпкерлерін ерекше сезіммен сомдап, көркем сөйлеу мен актерлік шеберліктерін көрсетті. Апталыққа белсене қатысқан оқушылар мақтау қағаздарымен марапатталды. Бұл шара – оқушылардың шығармашылық қабілеттерін шыңдап, сахналық мәдениетке баулудың нақты көрінісі болды.

<https://www.instagram.com/reel/DQNBpxsCCkl/?igsh=MTZzbjA1dXNzcHQwMw==>

2 «А» сыныбында Утеева З. Ж 2025-2026 оқу жылының 13-14 қазан аралығында өтіп жатқан бастауыш сынып апталығының жоспарына сай 20 қазан күні 2”А” сыныбында дүниетану пәнінен ашық сабақ өтті. Сабақтың мақсаты: Отанына қызмет етудің әлеуметтік мағыналарын түсіндіру. Отансүйгіш, адал болуға тәрбиелеу. Балалар топтық, жұптық, жеке тапсырмаларды орындады. Астана туралы видеоны тамашалап біраз мәлімет алды. Топтық жұмыстар барысында суреттер бойынша ауылы, ауданы елордасы туралы зерттеп айтып берді оқушылар туған жер, Отан туралы мақал-мәтел тақпақтар айтып сабаққа белсенді қатысты. Сабақ өте жақсы өтті.

<https://www.instagram.com/reel/DQEbt0fCG1X/?igsh=MWZ6dnVnbTE5Ym54Nw==>

2 «Ә» сыныбында Отениязова А.А 2025-2026 оқу жылының 13-24 қазан аралығында өтіп жатқан бастауыш сынып онкүндігінің жоспарына сай 21- қазан күні 2 “Ә” сыныбында әдебиеттік оқу пәнінен 📖, 🗣️ “Жолбарыс пен тышқанның достығы” тақырыбында ашық сабақ өтті.

Сабақтың мақсаты:

Ертегідегі оқиғаларды түсініп, кейіпкерлер арасындағы қарым-қатынасты бағалай отырып, достық туралы өз ойларын айтты.

Сабақ барысында “Мемори” әдісі, “Мысықты тамақтандыр” ойыны, “Түртіп алу” әдісі, Кім зейінді? ойындары арқылы жеке, жұптық, топтық тапсырмалар орындап, белсене қатысты. Білім алушыларды ертегі мазмұны арқылы достық және айнадағыларға қамқорлық көрсету, жауапкершілікке, қарым- қатынас жасауға, ғығармашылық және сыни тұрғысынан ойлауға үйрету

<https://www.instagram.com/reel/DQKNMJiiJ2i/?igsh=cTk0ZGtwdnkyN3k=>

1«А» сыныпта Каметова А.Ж Бүгін, 21 қазан күні. 1 “А” сыныбында «Ш дыбысы мен әрпі» тақырыбында қызықты ашық сабақ өткізілді.

Оқушылар жаңа дыбыспен танысып, түрлі ойындар мен жаттығулар арқылы дыбысты дұрыс айтуға, әріпті тануға және жазуға үйренді.

Сабақ барысында балалар «Ш» әрпі кездесетін сөздерді тапты, суреттер арқылы сөйлем құрап, белсенді жұмыс жасады. Интерактивті тапсырмалар мен шығармашылық ойындар сабақты әсерлі әрі көңілді етті. <https://www.instagram.com/reel/DQE3h9GiID0/?igsh=MTZpejVhcm9uMjRuYg==>

1«Ә» сыныпта Серікбаева Б.Н

Ашық сабақ: "Кең, тар, ұзын, қысқа" Сынып: 1”Ә “ сынып Күні : 20.10.2025ж

Мақсаты:

– Геометриялық фигуралар арасындағы негізгі қатынастарды (үлкен-кіші, кең-тар, ұзын-қысқа, т.б.) ажырата білу;

– Жазық фигуралардан композиция құрастыру арқылы оқушының логикалық ойлауын дамыту.

Сабақта оқушылар жұптық және топтық, жеке жұмыстар арқылы кеңістіктік ұғымдарды меңгеріп, пішіндермен композиция, тізбек құрастыру тапсырмаларын орындады. Жасанды интеллект элементі ретінде "Quick, Draw!" ойыны қолданылып, балалардың қызығушылығы артты. Сабақ көрнекілікке толы, баланың жас ерекшелігіне сай, қызықты әрі мазмұнды өтті.

<https://www.instagram.com/p/DQE9tVxCIAA/?igsh=N2t5enpxdjR1MTRo>

4 «А» сыныпта Олжабек С 17 қазан күні 4”А” сынып оқушыларымен «Текше мен тік төртбұрышты параллелепипедтің көлемін табу» тақырыбында ерекше сабақ өтті.

«Мен білемін», «практикалық жұмыс», «Мен зерттеушімін», «Ойна да, ойла», «Plickers» сынды заманауи әдістер арқылы оқушылар теорияны тәжірибемен ұштастырып, өз қолдарымен өлшем жүргізіп, көлемді есептеп үйренді.

Жұптық және топтық жұмыста белсенділік танытып, логикалық ойлау мен зерттеушілік

кабілеттерін көрсетті. Мақсат – оқушыларды тек формуланы жаттауға емес, түсініп қолдануға, оймен әрекет етуге жетелеу болды.

<https://www.instagram.com/p/DQEZkZdCPTz/?igsh=aW9zZmlzYXdsNGR4>

4 «Ә» сынып Имантаева А.Қ Ашық сабақ – “Уақыт – біздің құндылығымыз”

Пәні: Әдебиеттік оқу

4 “Ә” сынып оқушыларымен “Уақыт – біздің құндылығымыз” атты ашық сабақ өткізілді. Сабақ барысында ұлы ақын- Абай Құнанбайұлының “Жасымда ғылым бар деп ескермедім” атты өлеңі мен он бесінші қара сөзі талданып, оқушылар ақынның уақытты бағалау туралы терең ойларымен танысты. Балалар өз ойларын ашық білдіріп, уақытты тиімді пайдалану туралы пікір алмасты. Сабақ оқушылардың ой-өрісін кеңейтіп, Абай шығармашылығына деген қызығушылығын арттырды. <https://www.instagram.com/p/DQE3aojiIsm/?igsh=dm9jb293OWVyZDEy>

3 «а» сынып Казанбаева А.А. онкүндіктің жоспарына сай қазан айының 15 күні

3"а"сыныбында жаратылыстану пәнінен "Жануарлар қайда тіршілік етеді?"тақырыбында ашық сабақ өтті.Ашық сабақтың мақсаты: Жануарлардың қайда тіршілік ететінін анықтау және өзара қарым -қатынастарын сипаттау .Оқушылар таңдаған суреттері бойынша белгілі топқа барып отырып, жануардың қайда тіршілік ететінін болжап,омыртқалы не омыртқасыздарға жататынын атады.Сабақ барысында жеке, жұптық, топтық жұмыстары,берілген жануарлар туралы ақпаратты әлеуметтік желіден телефон арқылы зерттеу жұмыстары және жануарлар қатынасын (бәсекелестік пен бейтарап) анықтады.Алынған тапсырмалар сабақтың мақсатын ашуға бағытталған және оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай алынған.Сабақ өте қызықты өтті.

https://www.instagram.com/reel/DP-tl_yCCyf/?igsh=MWR5MmNrOGtybnRiNw==

3 «Ә» сыныппен Касымова Д.К “Астрахан ауылының N1 мектеп-гимназиясы”КММ

бастауыш сынып апталығы аясында жоспар бойынша 3”ә” сыныпта әдебиеттік оқу пәнінен ашық сабақ өтті.Сабақтың тақырыбы “Абайдың қарасөзі.Абайдың отыз сегізінші қарасөзінен” Мақсаты оқушыларды шығарма үзіндісімен таныстыра отырып,мәтіннің мазмұнын талдауға және өз ойларын ашық айтуға үйрету,Абайдың-ұлы тұлға екенін түсіндіре отырып,қарасөзінен адамды қор қылатын жаман әдеттерден аулақ болуға үйрету,олардың топ алдында ауызекі сөйлеу жобасын ұсыну.Сабақта түрлі әдістер,жасанды интеллект арқылы тапсырмалар орындау,өзін-өзі бағалау парағы,постер қорғау,сызбамен жұмыс,тест тапсырмаларын белсенді орындады.Сергіту сәтіне домбырамен сүйемелдеу арқылы оқушылар Абайдың “Желсіз түнде жарық-ай” әнін аса қызығушылықпен орындады. <https://www.instagram.com/p/DQED7dsiDLj/?igsh=ZjN0OGFrMjA4aWk4>

Қорытындылай келе, мұғалімдер ашық сабақтарында жаңа форматтағы әдіс-тәсілдерді, жасанды интеллектіні , ақпараттық технологиялық құралдарды тиімділігіне қарай шебер қолдана білді. Сабақтардың құрылымы жаңа әдіс-тәсілдерге сай құрастырылды. Сабақтарға бастауыш сынып мұғалімдері, мектеп әкімшілігі қатысып, талдау жасалып, жақсы баға берілді. Мұғалімдер сабақ өткізудің түрлі формаларын практика жүзінде танытты. Бастауыш сынып оқушылары мен мұғалімдері ерекше көңілмен дайындалды. Онкүндіктің әр күні пәндер бойынша қызықты сөзжұмбақтар мен тапсырмалар, логикалық есептер ілінді. Оқушылардың қызығушылықтары жоғары болып, белсенділіктерін танытты.Онкүндіктің жабылуында ертегі сахналанып,әр сайысқа қатысқан оқушылар марапатталды.

Директордың ғылыми-әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары

Кошекбаева Г.А.

